

Е. Бейіл* , Ш. Сауданбекова 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: boktashak@gmail.com

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ЖАПОН ТІЛДЕРІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН КОЛОРАТИВТІК ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРГЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Бұл мақала қазақ және жапон тілдеріндегі колоративті фразеологизмдердің күнделікті қолданыстағы көрінісіне арналған. Мақалада жапон тіліндегі фразеологиялық бірліктерге талдау жасалып, оны қазақ фразеологиялық бірліктерімен салыстыру әдістері қарастырылған. Салыстыру үшін кейбір тіркестердің әртүрлі нұсқалары келтірілген. Мақалада сондай-ақ фразеологиялық тіркестердің мәдени мұрасының ұлттың ерекшелігімен астасып суреттелетініне назар аударылады. Мақалада айтылған кейбір фразеологизмдердің мәтінді тиімді аудару үшін пайдалы болуы мүмкін. Күнделікті сөйлеуде мәдени бірегейліктің көптеген элементтері бар, бірақ аудармада проблемалар туындауы мүмкін. Бұл мәселелерді шешу оңай емес және үлкен еңбекті, талантты талап етеді. Мұны белгілі бір халықтың салт-дәстүрін, әлеуметтік өмірін, әдет-ғұрпын білдіретін фразеологизмдерден оңай байқауға болады. Фразеологизмдерді аудару және алмастыру тек арнайы тәсілді ғана емес, мыңдаған сөздердің ішінен бұл сөз тіркестерін ажырата білуді де қажет етеді. Оның үстіне басқа тілде аналогты табу өте қиын процесс. Жапон тілінің фразеологиялық бірліктерінің мән-мағынасы мен пайда болуы туралы жан-жақты зерделеудің жапондықтардың түстерді танудағы ерекшеліктерін, олардың түске деген қатынасы, көзқарастарын тереңірек ұғыну үшін маңызы орасан зор. Келесі мақалада автор фразеологиялық бірліктерді аудару мәселелеріне тоқталады.

Түйін сөздер: жапон тілі; фразеологизм; колоратив; метафора; фразеология; семантика.

Y. Beil*, Sh. Saudanbekova

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: boktashak@gmail.com

A comparative analysis of colorative idioms used in Kazakh and Japanese

This article deals with the everyday use of colorative idioms in the Kazakh and Japanese languages. The article analyses Japanese idioms and considers ways of their comparison with Kazakh idioms. There are different variants of some phrases for comparison. The article also draws attention to the fact that the cultural heritage of idioms is described in relation to the specifics of the nation. Some of the phrases mentioned in the article can be useful for effective text translation. There are many elements of cultural identity in everyday speech, but translation can be problematic. Solving these problems is not easy and requires a lot of work and talent. This can easily be seen in idioms expressing the customs, social life and habits of a particular nation. Translation and replacement of phrases not only requires a special approach, but also the ability to pick out these phrases from thousands of words. Moreover, finding an analogue in another language is a very difficult process. In the following article the author focuses on the translation of phrases.

Key words: Japanese language; Idioms; Colorative; Metaphor; Phraseology; semantics.

Е. Бейіл*, Ш. Сауданбекова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: boktashak@gmail.com

Сравнительный анализ используемых колоративных фразеологизмов в казахском и японском языках

Данная статья посвящена повседневному употреблению колоративных фразеологизмов в казахском и японском языках. В статье анализируются фразеологизмы японского языка и рассматриваются способы их сравнения с казахскими фразеологизмами. Есть разные варианты некоторых фраз для сравнения. В статье также обращается внимание на то, что культурное наследие фразеологических выражений описывается во взаимосвязи со спецификой нации.

Некоторые фразы, упомянутые в статье, могут быть полезны для эффективного перевода текста. В повседневной речи много элементов культурной идентичности, но перевод может быть проблематичным. Решение этих проблем непросто и требует большого труда и таланта. Это легко увидеть в идиомах, выражающих обычаи, общественную жизнь и обычаи того или иного народа. Перевод и замена фраз требует не только особого подхода, но и умения выделять эти фразы из тысяч слов. К тому же найти аналог на другом языке — очень сложный процесс. Значение и происхождение фразеологизмов японского языка всестороннее изучение характеристик японцев в распознавании цветов, их отношение к цвету, их взгляды имеют большое значение для более глубокого понимания. В следующей статье автор акцентирует внимание на переводе фразеологизмов.

Ключевые слова: японский язык; фразеологизм; колоратив; метафора; фразеология; семантика.

Кіріспе

Фразеологизмдер – тіліміздің бөлінбес бір бөлшегі. Тілімізде көкейге қонымды, көркем, орамды алуан түрлі тұрақты сөз тіркестері кездеседі. Қазіргі кезеңдегі шарықтаған мәдени қарым-қатынастарға, ғылыми-техникалық прогреске байланысты аударма проблемасы өріс алып отырғаны мәлім. Халықтар арасындағы осындай тілдік байланыстардың арқасында фразеологизмдер сөзбе-сөз немесе калька жолымен аударылып, бір тілден екінші тілге ену үстінде. Тіркес этимологиясын ашу үстінде өзге тілдерге де қатысты ортақ құбылыстардың да басы ашылмақ. Бірнеше тілге ортақ нақтылы бір фразеологизмнің өзі бірде тұлғасы ортақ, мағынасы бөлек, енді бірде керісінше болып келетін реттерін ескере отырған мақұл. Тиянақты тіркестің өн бойы тілдегі, сөйлеудегі өз еншісіне тиер меншік қасиеті-стильдік ерекшелік.

Арасына от жақты, арасын ушықтырды, сабасына келді – сабасына түсті, байтақ дала – ен дала т.б тіркестер едәуір күңгірт дүниенің бет пердесін ашады. Сайып келгенде айтарымыз, қазақ тіліндегі тиянақты тіркестер фразеологизмдер – тіл ішінде өз заңдылықтарына сәйкес өмір сүретін айрықша категория. Халық мәдени, т.б байланысқа қандай мұқтаж болса, бір тіл екінші тілден сөз ауысуға сондай мұқтаж. Өзге тілден іргесін аулақ салған бірде-бір тіл болмайды. Қазіргі заман талабына сай орыс тілінен келген қат-қабат сөздер, тізбек тіркестер қыруар. Олардың бір бөлігі – калька ізімен алынғандар. Кальканың кірме сөзден айырмасы – сырт сипатында емес, ішкі «дүние», мән-мағынасында жатыр. Демек, лексикалық кірме емес семантикалық ауысу бел алып жатады. Сондай-ақ балық та емес, ет те емес десек «ни рыба, ни мясо» тіркесі шыға келеді. Тұрақты тіркестердің бірсыпырасы плеоназм негізінде жасалады. Мұндай

тіркестердің мағынасы күшейіп, бүкіл сөйлеу тұрқын экспрессивтендіреді. Әлеуметтік лингвистиканың негізін қалаушылардың бірі болып табылатын танымал американдық лингвист Уриэль Вайнрейх фразеологиялық бірлікті («идиома») «мағынасы оның құрамдас элементтерінің мағыналарынан алынбайтын күрделі өрнек» деп сипаттады. (Weinreich, 1969: 1)

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Синонимді сөздер мен тізбектер белгілі бір ұғымды түрлі жолмен білдіріп, ойды бедерлеп, арнаулы бір затты, не арнаулы бір құбылысты әр тұстан сипаттайды. Қазақ тіліндегі синонимдерге бірер мысал: ас-ауқат, тамақ, аман-есен, сау-саламат, жалғыз-жалқы, сыңар, жеке-дара, дұшпан-жау, қас, үнемі-ылғи, әрқашан-әрдайым, орталық-кіндік, астана-орда және т.б. Орысша «когда рассвет забрезжил», «перед рассветом» сияқты тізбектерді таң атқанда, таң алагеуімде, таң сібірлей, таң сыз бергенде, таң себелеп атқанда деп айтуға болады. Әр синоним өз орнында сөзді мәнерлеп, эмоциялық рең беріп отырады.

Фразеологизмдердің ішіндегі кейбір сөздер семантикалық жағынан ерекше байқалып, түп қазық есебі қызмет атқарады. Әр тілдегі мақал-мәтелдерді мағыналық жағынан салыстыра отырып, Чартерис-Блэк екінші тілдегі зерттеулерге әртүрлі метафоралық линзаларды енгізудің пайдалы әдісі ретінде бір тілдегі мақал-мәтелдерді басқа тілдегі балама мақал-мәтелдермен сәйкестендіретін «қарапайым сәйкестендіру жаттығуын» ұсынады. (Charteris-Black, 1995:263) Осы мақал-мәтелдерге ұсынған әдісін қолдана, фразеологизмдерге де қолданған жөн деп санаймын. Ондай сөздер әлденеше ФЕ-ларда қайталанып отырады. Оны ұйытқы сөз деп атаған мақұл. Мәселен, тіл, жүрек, көз, ауыз,

табан, қол, бас, ақ, қара, тас, ит, жер, жеті т.б сөздер ұйытқы сөздер қатарына жатады. Жүрек ұйытқы болуына мысал: жүрегі дауаламады; жүрегі жылыды; жүрегі айныды; жүрегі қарайды және т.б. Сол сияқты қара, ақ, тас т.б. бірқыдыру сөздермен келетін фразеологиялық единицалар(кейін ФЕ) да баршылық.

Фразеологизмнің қандайы болсын, қазіргі күйінде грамматикалық жағынан да, лексикалық жағынан да бір тұтас қолданылады. Ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс. Ақ, қара деген көп мағыналы сөздер: аққа аузымыз жарыды; көздің ағы мен қарасындай сақтады; көзге ақ түсті; ақтан тигізіп ойын дәл айтты дегендегі ақ сөзі туынды мағынада айтылып тұр. Сол сияқты қара деген де жанама мағынада айтылады: төре мен қара; қара бассын; алыстан қара көрінеді; қара бастың қамын ойлау; қара жаяу; қара жүрек т.б. Бұл жердегі ақ, қара деген сөздер мағынасы жағынан қара болсаң қалмайды, ақ болсаң дауламайды» немесе «ақ қарасын ажырат» деген орамдағы ақ, қара дегенмен жуықтас. Бұлар сөзін ақтан тигізіп, қара қылды қақ жарған шешендікпен байланысты айтылған болу керек. Қазақ тілінде түске байланысты фразеологизмдер көп кездеседі.

Мақаланың мақсаты – колоративті фразеологиялық бірліктерді салыстыра отырып, мұндай фразеологизмдердің аудармасына тоқталу, сондай-ақ мүмкіндігінше жапон фразеологизмдерінің қазақ тіліндегі аудармасын қарастыру. Осы мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер шешіледі: Жапон тілінің сонымен қоса қазақ тілінің түске байланысты фразеологизмдерін тізбектеп жинақтау; Мақалада Қазақстан мен Жапонияда шыққан фразеологиялық сөздіктер негізінде екі тілде де қолданылатын түстік фразеологизмдердің синонимдері мен нұсқалары талданады; Зерттеуде талданған колоративті фразеологизмдер жапон және қазақ фразеологиялық сөздіктерінен алынған;

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Мақаланың тақырыбын ашу үшін сипаттау, салыстыру және семантикалық талдау әдістері қолданылды. Олардан шыққан нәтижелерді төмендегідей көрсетуіме болады. Бұл жерде бірнеше жапон түстеріне байланысты фразеологизмдер алынып, қазақ тілінен де алынынып, сипаттау, сонымен қоса салыстыру әдісі жүзеге асты. Қазақ тілінің түс фразеологизмдерін тауып, қолдануыма І.Кенесбаевтың қазақ

тілінің фразеологиялық сөздігін атап көрсетуіме болады. Ал жапон фразеологизмдерін Нихонго канъё:ку дзитэн, сонымен қоса Сираиси, Д. Нихонго-но идиому, Ютака, М. Канъё:ку-но ими то ё:хо: жапон тілінің фразеологиялық сөздіктерінен материал ретінде қолданылды. Сонымен қоса жапон поэзиясынан үзінділер алынып, мысал ретінде келтірілді.

Ақ білек: 1. Сұлу, перизат; 2. Қара жұмыстан қашатын кісі. Ақ (түтек боран) көз ашқысыз, түтеп, желдете жауған қар. Ақ жауын: ұзаққа созылатын, майдалап жауатын жаңбыр. Ақ пен қара: дұрыс–бұрысы, жөні мен қисығы. Ақ жүрек: 1. Ақ, адал көңіл. Ақ пен қызыл арасында: күн ұясына кірген шақта. Ақ пен қызыл арасында жел көтерілді. Ақ көбелек: ақ көңіл, аңқылдақ. Ала көз: араз, қырғи қабақ болған адамдар туралы айтылады. Ала құйын: ұйтқып соққан боран, ала қанат қар. Ақ таңдақ жер, қары ала-құла еріген жер. Ала қыстай: қыс бойы, бүкіл қыста. Боз ала таң: елең-алаң, таң сәрі. Боз жаңбыр: ақ жауын. Үзбей бір қалыппен жауған боз жаңбыр үстін сулады. Боз қырау: күзгі түскен қырау. Таң атқанда боз қырау күмістей жылтырады. Жарық дүние: өмір, әлем, тіршілік дүниесі. Жарық көрді: 1. Дүниеге келді. 2. Жүзеге асты, пайда болды. Оның бір кітабы биыл жарық көрді. Зеңгір тау: алыстан мұнартып, көгілдірленіп көрінген биік тау. Көз алдында тұлғаң тұр, биік заңғар таудайын. Зіл қара түн: өзі тастай қараңғы, өзі тымырсық, ауасы ауыр түн жөнінде айтылады. Зіл қара түнді жапсарынан сөге, таң сызаттап келеді. Көйлек көк, тамақ тоқ: не ішемін, не жеймін демейді, ауқатты, тұрмысы жақсы. Көк жиек көтерілді: қараңғылық сейілді, таң сыз берді. Көк күмбез Аспан әлемі. Қазіргі аспан алтын жұлдыздармен сәнденген, биік, сәулетті көк күмбез тәрізді. Көк майса, көк орай шалғын: шөбі мол, жайсаң жер. Көк тайғақ: жауын-шашыннан, суықтан болған жылтыр. Жол көк тайғақ болып, аяқты аттап басу мұңға айналады. Қара дауыл: екпінді, суық, ызғарлы жел. Қара жаңбыр: нөсерлі қалың жауын. Қара жер: жер беті бейнеленіп айтылып тұр. Қара көз: сұлу қыз, жас әйел туралы айтылады. Қара тұман: 1. Судың қалың буланып, жер бетін түтін іспеттес қаптауы мағынасында. Қара шапан: жібектен басқа матадан тігілген сырт киім. Қызыл арай: күн шапағы таңертеңгі және кешкі мезгілге байланысты айтылады. Қызыл гүл: ақын бұл жерде сұлу, жас қызды бейнелеп отыр. Қызыл тіл: шешен, орамды жүйрік тіл. Қызыл іңір: кешке таман ымырт

жабылып, қас қарая бастаған мезгіл. (Кеңесбаев, 2007)

Сабыр түбі – сары алтын: шыдам – тағаты таусылмады; тағат қып шыдады Сап сары дала: жазық жапан, мидай дала, ұшы-қиырсыз, теп-тегіс дала. Сарша тамыз: жаз ортасында келетін жыл мезгілі, жазғы шілде. Сары аяз: ұзаққа созылған қатты суық, шытырман райлы күн. Сары бел: кең, ұзақ – сонар созылған жол. Сары уайым: тұңғыық қайғы – қасірет. (Аханов, 1993)

Сонымен қатар, жапондық социолінгвист Судзуки Такаоның зерттеуі бойынша қазіргі жапон тілінің негізгі түстеріне 茶色 (chairo) – қоңыр, 緑 (midori) – жасыл, 緑 (gure) – сұр, オレンジ (orenji) – қызғылт сары түстері де енетінін нақтылаған жөн. (Судзуки, 2005: 48) Егер бөлек түсті қарайтын болсақ, ФЕ құрамында олардың синонимі және баламасы бар:

Ақ: 白 (haku/shiro)

Қытай ойшылы Лао Цзы (б.з.д. VI-V ғғ.) «Дао ДэЦзин» («нағызканон») еңбегінде: «Бестүскөзді күнгірт етеді. Бес дыбыс естуді нашарлатады. Бес дәм сезу дәмін түсіреді. Жылдам айдау мен аң аулау жүректі толқытады. Қымбат заттар адамды қылмыс жасауға итермелейді. Сондықтан дана адам әдемілікке емес, өмірді толық етуге ұмтылады. Соңғысынан бас тартып, бұрынғымен шектеледі». (Остапченко, 2003: 27) Соның ішіндегі 5 түс ретінде – қызыл, сары, ақ, қара және көк түсін атап отыр. Заманауи қытай тіліндегі ақ түсіне тоқталсақ: 1. Ақ; ақшыл-ағару; 2. Анық; 3. Таза; 4. Бекерге бос қиял, әурешілік; 5. Босқа, бекерге деген мағыналарға ие болған. Токугава сегунаты кезінде (1603-1868) үкіметтің халық қызметінің барлық дерлік салаларын нақты бақылап отырғанын, тіпті киімнің түсі сияқты бөлшектерді де назардан тыс қалдырмағанын еске түсіру жеткілікті, оның факторлары (жынысы, жасы, әлеуметтік жағдайы және т.б.) (Мак-Клейн Дж., 2006: 23)

Заманауи жапон тілінде haku/shiro: 1. Бір ақ нәрсе; 2. Сакәге арналған ыдыс. Ақ түс әркезде қара түске қарсы, күнә мен жамандыққа әрдайым қарсы қойылады. Ақ түс жапон мәдениетінде тазалықтың, кіршіксіз адалдықтың символы ретінде іспеттес. Салтанатты жиындарда арнайы ақ түсті қағазды қолданады. Ақ түс жапон мәдениетінде қайғыны да бейнелейді. Ақ түс Жапонияда адамның бір күйден, екінші бір жаңа өмірге өтуі деп те қарастырылады. Жапондықтар ақ түсті киіммен сәппуку ритуалын жасаған. Сонымен қатар, біз ортағасырлық жапон жазушысы Сей-Сёнагонның «Записки у изголовья»

шығармасын еске түсіре аламыз, онда жазушы 42-інші хат жазбасында «таза әдемі» нәрсе туралы айтады. Мұнда ол «ашық күлгін көйлегінің үстіне киген ақ түсті шапан» туралы жазады. (Сей-Сёнагон, 1983: 45) Сондай-ақ мысал ретінде Энти Фумиконың 1957 жылы шыққан «Пологий склон» шығармасының үзіндісін келтіруге болады, онда автор қыздың әдемі де нәзік мойынын, қолын мен кеудесін сүттей аппақ етіп суреттейді. (Энти, 1957: 48) Көбінесе haku/shiro синонимдік түстің метафорасы ретінде көрсетіліп; 鉛白 enpaku-ақ қорғасын; 砂色 suna-iro-күмның түсі; 乳白色 nyuhaku-сүттің түсі айтылады.

Қара: 黒 (koku/kuro/Kuroi); 1. Қара түсті 2. Шахмат қара; 3. Күнә, күнәкарлық. Қара түс көбінесе сәтсіздіктің, жеңілістің түсі саналады. 黒である Kuro de aru – кінәлі болу. 黒星 Kuro-boshi – қара нүкте – сәтсіздік, жеңіліс; сумоның жеңілгендігін білдіреді.

Алайда қаржылық салада есепшілер есебі қарамен жазылады. Kuroi/қара әріптер – активті баланс. Сонымен бірге қара түс пайдалы қазбаларға да байланысты екен. 黒ダイヤモンド Kurodaiya/қара алмаз, daiya-ағылшын, diamond/қара алтын 黒金 Kurogane/қара металл/- темір. Сей-Сёнагон 153-ші хатында «Қара металл» – бұл темір» деп жазған. (Сей-Сёнагон, 1983: 180) Kuro сөзінің метафоралық синонимі iro/түс/. Метафоралар, әсіресе объектімен байланыса айтылады sumi-iro-түсі қара көмірдей, goi-iro – ваксаның түсіндей, шырақтың түсі.

Қара түстің колоративі 憲法 kempo. Kempo сөзі жапон тілінде «конституция» деп аударылғанмен, оның құжаттарға еш қатысы жоқ. Бұл сөзді негізінен қылыштасу шебері Ёшко Кэмпо атымен байланыстырады. Кэмпо түсті бояу алу үшін тауда өсетін мирика ағашының қабығы қолданылады.

うつぶし Utsubushi: дәстүрлі жапон колористикасы бұл түсті сұр мен қара түстің қосындысына ұқсатады, ал европалықтарға бұл түс хаки түсті. Бұл түсті алу үшін фуси жаңғақтарын қолданады. Бұл түс қайғы мен кедейлікті, уақыт өте көнерген ескі киімді еске түсіреді. Осы түс атауы қолданылған 10 ғасырдағы поэтикалық антологияда да кездеседі. «Кокинвакасю» («Жапонияның ескі және жаңа әндерінің жинағы»): «Менің шапаным жолда мүлде қара болып кетті – ағаштардың астында мен ұзақ түндерді өлім туралы қайғылы ойлармен өткіземін...» (Долина, 2005: 12)

Қызыл: 赤い *seki/aka/*. Жасыл: көк/көгілдір/ *ao, aka* да жапон мәдениетінде атақты түстердің бірі. Ака: 1. Қызыл. 2. Анық, шын, ашық. 3. Адзуки қызыл бобтың сорты. 4. Коммунист. Бұл түс сонымен бірге жануарлардың, өсімдіктердің және жәндіктердің атауларында да кездеседі. 赤鱗 *Akaei*-қызыл скат, *akaagi*-қызылт құмырсқа. *あかはむ Akahamu* – қызару/адамның беті. *Akaei* синониміне көбіне *iro/түс* метафорасы сәйкес келеді. Метафоралар объектімен байланыса айтылады; *akaniiro* – қызыл балшықтың түсі, 赤錆色 *akasabiirō* – таттың түсі, 小豆色 *azukiirō* – қызыл бобтың түсі, イチゴ色 *ichigoirō* – құлпынайдың түсі, バラの色 *baranoi-ro* – раушанның түсі, 海老色 *ebiirō* – креветка, омардың түсі, 紅色 *beniirō* – румяна бояудың түсі, *tomoirō*-өріктің түсі. Мысалы, қызыл түс дәстүрлі түрде сұлулық пен әсемдіктің түсі болып саналады, бұған дәлел Сей-Сёнагонның аталған шығармасының 37-ші хатынан үзінді, онда жазушы «көктемнің ең әдемі түсі қызыл реңкті түстері көркем: бозғылт қызғылт түстен бастап терең қызылға шейін» деп атап көрсетеді. (Сей-Сёнагон, 1983: 59) 茜色 *Akaneiro*: Бұл жапондардың қою қызыл түсі, көп жылдық өсімдіктің тамырынан жасалады. Бұл лексема көбінесе әдеби шығармаларда көп қолданылады. Шығармаларда бұл түсті алқызыл арай немесе қызыл іңір деп атайды. Акане түсі 8 ғасырдағы жапон поэтикалық антологиясында айтылған «Манъёсю» («Сансыз жапырақтар жинағы»): «Қып-қызыл тамырын сөндірген бізге күн нұрын шашса да, Аспанда ай тығылғаны қандай өкінішті, Қара тұттың жидегіндей қара түнде!» (Глускина, 2005: 150)

Koshi – бұл алқызыл түс. Бұл лексема гүлдің әдемілігін, түсін, кимоно мен қыздың сұлулығын суреттейді. Лексема *shinonome* екі иероглифпен: шығыс және бұлт деп белгіленеді. Бұл таңертеңгі таң шапағының түсі.

着色 *Chakashyoku* – қою қызғылтым түс. Бұл түс көбіне қою демделген шайдың түсін береді.

青い Жасыл: көгілдір/көк/*sei/ao/*. Бұл үш түстің “Ао” колоративі, ағылшын тілінің екі – *green* және *blue*, ал орыс тілінің үш жасыл, көгілдір және көк түс дегеніне сәйкес келеді. Ао – көк шөп пен жапон полициясының формасы. 1. Көк/көгілдір/жасыл. 2. Піспеген жас, жасөспірім. 3. Бозаң түс/адамның беті/ 4. Бағдаршамның түсі. Мысалы, жасыл түс көбінесе жасөспірім мен жастықтың символы болып табылады (青竹 – *aodake* «жас бамбук», 青年 – *seinen* «жас жігіт», 青二才 – *aonisai* «жаңадан келген

қызметші»). Мұнда біз Оба Минаконың «Үш шаян» психологиялық әңгімесін еске түсіре аламыз, оның эпизодтарының бірінде басты кейіпкер Юри кешкі қабылдауға жасыл көйлек киюді шешеді, ол қайтадан жас және сергек сезінгісі келгендіктен. (Оба, 1972: 2) Метафоралар – 空色 *soraigo* – аспан, 売り色 *uriiro* – аспан түстес, 水色 *mizuiro* – судың түсі, 勿忘草色 *wasurenagusairo* – ботакөз гүлінің түсі, 青竹色 *aodakeiro* – жас бамбуктың түсі, 油色 *aburairo* – өсімдік майының түсі, 草色 *kusairo* – шөптің түсі, 若葉草色 *wakabakusairo* – жас шалғынның түсі, 若葉色 *wakabairo* – жас жапырақтың түсі, 抹茶色 *matchairo* – үгітілген шайдың түсі. Сонымен қатар жапон тілінде 緑 *midori*-шөп сөзі. Жапон тілінде *midori* /жасыл дегенді білдіреді. Жапон авторлары көбінесе *midori* сөзін жапырақтың, шөптің/базалық/түсі деп санайды. *Midori* – бұл әдемі әйел есімі. *Soraigo* – аспанның түсі. Көгілдір – аспан түс. 価値色 *Kachiigo*-қою көк түс, қараға жақын. Бұл негізгі әскери форманың түсі. Қараңғы көк, дерлік қара түс, ол жауынгерлердің киім түсі: «Ханзада жауынгерлерінің арасында Цуцуи алқабынан Джомио Мэйшу деген монах болған. Оның үстіндегі қабық қара, қабықтың асты – қою көк түсті кафтан, мойнын жауып тұратын бес пластинасы бар дулыға, иегінің астынан баумен мықтап байланған, қара лак қыналы семсер белбеуде, қалқанның артында ілулі, және ішінде қара қауырсындары бар тура жиырма төрт жебе және ол қолында иілген жүзі бар өзінің жақсы көретін айбалтасын ұстады. (Львова, 2005: 400)

黄色 *Sary*: *Kiigo/kou/ki/*; Жапон мәдени өмірінде сары түс жаздың, гүлдің, алтынның түсі деп бөлінеді. Синонимдік қатарда метафора компоненттері *黄土色 odoiro* – сары охра түсі, 辛子色 *karashiirō* – қыша түсі, کوچなしいろ *kokuchinashiirō* – гардения түсі, 黄金色 *koganeiro* – алтын түсі, 卵色 *tamagoiro* – жұмыртқаның сарысы, タンポポ色 *tanporoiro* – бақбақтың түсі, 向日葵色 *himawariiro* – күнбағыстың түсі.

Зерттеу нәтижесінде жапон тілінің түске байланысты компонентті 186 ФЕ қарастырылады. Картотекаға төмендегідей элементтер енгізілді: 黒 (*куро*) – қара, 白 (*сиро*) – ақ, 赤 (*ака*) – қызыл, 青 (*ао*) – көк, көгілдір, жасыл, 黄色 (*кииро*) – сары, 紫 (*мурасаки*) – күлгін. Сонымен бірге тікелей қатысы жоқ ФЕ-лар түске байланысты енгізілді, 暗 (*кура*) – күнгірт, 色 (*иро*) – түс. Негізгі заманауи жапон тілінің колоративтік түсіне: 茶色 (*тяиро*) – қоңыр, 緑 (*мидори*) – жасыл, グレ (*гурэ*) – сұр, オレンジ (*орэндзи*) – сарғыш қызыл.

Жиі қолданылатын ФЕ элементтері 赤 (*ака*) – қызыл, сосын, 青 (*ао*) – көгілдір, көк, жасыл, 白 (*сиро*) – ақ. Мысалы: 赤毛布 (*акагэitto*) – ауылдан келген, ауылдық, 青顔 (*аогао*) – бозарған жүз, 白面 (*сирэфу*) – салауаттылық.

Орташа қолданылатын түс элементтері 黒 (*куро*) – қара, 色 (*иро*) – түс, 暗 (*кура*) – күңгірт. Мысалы: 黒米 (*курогомэ*) – тазартылмаған күріш, 色に出す (*иро-ни дасу*) – түрінен байқалды, 暗い過去 (*курай како*) – өткен тарих. Жапон тілінің түске байланысты картинасын осы элементтер толықтырады. Лингвомәдениеттану тұрғысынан бір қызығы, Tamamushi-iro no hyo:gen o tsukai – «жарық қоңызының түсімен сөйлеу». Бұл жағдайда жапондық іскерлік ортада кең таралған сөйлеу стилінің ерекшелігі байқалады. Жапон бизнесмендері көбіне екі мағыналы тұрғыда сөйлейді, олардың сөздері жарық қоңызының денесіндегі жарық секілді өзгеріп, іскер серіктесті қалай түсіну керектігін тыңдаушы өзі шешуі керектігін айтып тұр. (March, 1990: 16)

Сонымен бірге ФЕ картотекамызда 黄色 (*кииро*) – сары, 紫 (*мурасаки*) – күлгін. Мысалы: 黄色い声 (*киирой коэ*) – шыңғырған дауыс, 紫電 (*сидэн*) – найзағай. Бұл екі түс базалық түске жатпайды.

Әлемнің барлық елдері сияқты Жапонияның да түсі белгілі бір символдарға байланысты өзіндік жеке иерархиясы болады. Ашық және күлгін түсті киімдерді жоғары шенділер киетін болған. Ал жарлылар қоңырқай, ашық емес түсті киімдер киетін болған.

Әр түс өзінің жеке символын, белгілі коннотациясын белгілеген. Қара түс 黒 (*куро*) – негізінен теріс символға, яғни зұлымдық, өтірік – (腹が黒い – хара-га курои), 黒める – куромеру – алдау, шатыстыру, сонымен бірге сәтсіздік, жеңілісті білдіреді.

Дегенмен, қара түсте де оң коннотация болуы мүмкін. Мысалы, экономикалық салада қаржылық әл-ауқат (黒字 – куроцзи «артық») дегенді білдіреді. Ол сондай-ақ минералдармен (クロダイヤ – куроая «көмір», 黒金 – куроғана «темір») және медицина саласымен (黒子 – кокуши «мең», 黒星 – куробоши «қарашық») байланысты.

Картотеканың едәуір бөлігін «Әскери істер» тобындағы фразеологиялық бірліктер алады, мысалы, 黒山 (*курояма* «әскери топ»). Сондай-ақ 黒船 (*курофуне* – «қара кемелер») туралы айта кеткен жөн, ол 1853 жылы шарт жасасу үшін Жапонияға келген коммодор Мэттью Парридің кемелеріне қатысты. Корттардың қара лақап аты

тек қара корпустары мен мұржалардан шыққан түтін үшін ғана емес. Маңыздылығы, мүмкін, жапондықтардың өздерінің аумағында болуын қаламаған шетелдіктерге деген көзқарасымен де байланысты.

Ақ түс көбінесе қара түске қарама-қарсы, тазалықтың, сұлулықтың, кінәсіздіктің және жақсылықтың символы ретінде әрекет етеді (白々しい – shirajirasiya «таза», 白黒 – широкуро «кінәсіздік немесе кінә», 白面 – хакумен «тәжірибесіздік», 馬白), の騎士 – hakuba no kishi «жарқыраған сауыттағы рыцарь»).

Бұл түс минералдармен және табиғатпен де байланысты (白金 – широган «күміс», 白金 – хаккин «платина», 白鳥 – хакучо: «аққу», 白樺 – ширакаба «қайың»).

Жапон тіліндегі жасыл, көк және көгілдір түстер көбінесе бір түсті 青 (*ао*) арқылы белгіленеді, бұл оны қолданудың кең ауқымын білдіреді. Оның көптеген мағыналары бар. Бұл таңқаларлық емес, бірақ қазіргі орыс тілінде «жасыл» элементі бар фразеологизмдер бірдей мағынаға ие («толық жасыл», «жасыл жүзім дәмді емес, жастар шебер емес», «жас-жасыл»). Кейбір зерттеушілер дәстүрлі жапон ландшафттары – көк, жасыл және қоңыр реңктері көп таулар мен теңіздер жапондықтардың түстерді қабылдауға әсер етті, онда көк пен жасыл біріктіріліп, ал қоңыр түсі оларға қарсы қойылды. Л.Н.Миронова көне қытайлықтар арасында көк және жасыл түс ұғымдары бір-бірін алмастыратын болғанын және бұл екі түстің түс белгілеулерінде айқын айырмашылық болмағанын, мүмкін жасыл түс көктің туындысы ретінде қарастырылғанын көрсетеді. (Миронова, 2005: 200)

Жапон мәдениетіндегі бұл түс қорқынышпен немесе бозарумен де байланысты (顔が青い kao-ga aoi «бозарған бет», 青くなる – aokunaru «жасыл болу, қорқыныштан бозару», 青黒い – аогура «бозарған шаршау»).

Ол сондай-ақ аспанмен (青天 – seiten «аспан»), минералдармен (青銅 – seido: «қола», 青玉 – сеигёку «сапфир») байланысты және көптеген зоологиялық терминдердің (青蛙 – аогаэги «бақа», 青虫 -) бөлігі болып табылады.

Қызыл түске келетін болсақ, көк түспен қатар ол біздің картотекадағы ең көп таралған түс болып табылады, бұл да оның жалпы жапон мәдениетіндегі танымалдылығын көрсетеді. Сонымен қатар, ол мәндердің жеткілікті санына ие. Бұл түс орыс мәдениетінде осындай коннотацияға ие. Орыс халық ертегілерінде

жиі кездесетін «қызыл қыз», «қызыл күн» идиомаларын еске түсірейік.

Қызыл түс батылдық символы болуы мүмкін. Мысал ретінде бұл түс жиі кездесетін Оба Минаконың «Отты шөп» шығармасын келтіруге болады. Мұндағы қызыл – өз тайпасының қатал заңдарының салдарынан қорықпай, жүрегінің шақыруымен оларға қарсы шыққан бас кейіпкердің табандылығы мен батылдығының символдарының бірі. Батырларды орыс халық ертегілерінде қызыл деп те атаған («қызыл жолдас»), көбінесе олардың ерлігі мен қорықпайтындығына сілтеме жасай отырып.

Дегенмен, бұл түс көптеген теріс коннотацияларға ие. Мысалы, қызыл түс өтірік (真赤な嘘 – makkana uso «жалғыз өтірік»),赤嘘 – akauso «ашық өтірік»), ұят (赤恥 – akahaji «ұят») немесе жаман нәрсе (赤信号 – akashingō: "белгі",赤頭 – akaгашира "театрлық қойылымдардағы жауыз"). Сонымен қатар, ол қылмыс саласымен байланысты (赤線区域 – akasenkuiki «жезөкшелер үйі ауданы»,赤ぎつぷ – akagippu

«жол айыппұлы») және нашар қаржылық жағдайдың белгісі болуы мүмкін (赤字 – akaji «жетпеушілік»,赤貧 – секихин «өте кедейлік»). Картотекадағы позициялардың жеткілікті санын «Табиғат» тобындағы фразеологиялық бірліктер алады. Мысалы,赤馬 – akauma «қоңыр түсті жылқы»,赤毛 – akage «қоңыр шашты ит немесе жылқы»,赤土 – akatsuchi «қызыл топырақ».

暗 (kura «қараңғы») элементі бар ФЕ біздің таңдауымызда көп емес және олардың барлығы дерлік «Теріс сипаттама» ішкі тобына енгізілген, бұл осы элементтің теріс коннотациясын көрсетеді (暗礁にかかると – ansho:ni kakaru) «тоқтату»,暗夜のつぶて – anya no tsubute «күтпеген соққы»,暗い気持ちになる – kurai kimochi-ni naru «қайғылы болу»).

Мэйдзи қалпына келтіруге дейін күлгін түсті тек дворяндардың өкілдері ғана қолдануға рұқсат етілді. Шаруалар «рұқсат етілген түстерді», көбінесе қара көк түстерді қолдануға мәжбүр болды.

1-кесте. Қара түсті фразеологизмге талдау

	ФЕ оқылуымен	ФЕ-ның тікелей аудармасы	ФЕ-ның мағынасы
Қара түсі – 黒/コク – куро / коку			
Екі тілде де қарама-қайшылықты бейнелейді			
1	黒い目 – курой мэ	«қара көз»	Тесіліп қарау
2	腹が黒い – хара-га курой	«қара қарын»	Арам пиғылды
3	私の目の前の黒いうちは – ватаси-но мэ-но маэ-но курой ути-ва	«менің көз алдым қара болғанда»	Мен тірі тұрғанда
4	黒める – куромеру	«қара қылу, жасау»	Қаралық жасау
5	目の黒いうちは – мэ-но курой ути-ва	«көзім қара болып тұрғанда»	Тірі тұрғанымда
6	目の前が黒くなる – мэ-но маэ-га курокунару	«көзімнің алды қарайғанда»	Көзі қарауып кету
7	黒い雨 – курой амэ	«қара жаңбыр»	Ауаның ластануы
8	黒山 – курояма	«қара тау»	Көптеген адам (әскер)
9	黒星 – куробоси	«қара шеңбер»	Нысананың қақ ортасы
10	クロダイヤ – куродайя	«қара алмаз»	Қара көмір

Адам табиғатпен біте қайнасып өмір сүреді. Сол себепті табиғатпен байланысты сөздер тіліміздің сөз байлығын молайтады. Мысалы: «ақ» сөзі, «қара» және «қызыл», ақ пен қара, әділдік пен әділетсіздік, қара тастай – қара тас сияқты мықты; Қара ағаштай – қара ағаштай мықты; Қызыл шиедей – қызыл шие сияқты;

аппақ қудай – аққу күс тәрізді. Сонымен бірге етістіктер де өз рөлін атқарады: қара тану – сауат ашу; Қызыл кеңірдек болу – өзара керілдесу; Қара басу – ұятқа қалу/шайтан азғырды; Ақ сөйле – шындықты айт; Қара жермен тең болды; Қара дауына басты; Ит аяқтан сары су ішкізді – ұятқа қалдырды, кемшілігін бетіне басты.

Нәтижелер мен талқылаулар

Жоғарыда келтірілген нәтижелерді қорытындылай келе, жапон тіліндегі «түс» компоненті бар фразеологиялық бірліктерінің салыстырмалы тұрғыдан талдағанда, зерттеу объектісі болған фразеологиялық бірліктерді алты түрлі түске бөліп анықтадық деуімізге болады. Бұл топтағы фразеологизмдер адамның мақсаттары, басқалармен қарым-қатынасы, жеке қабілеттері, біреуге деген қызметі, жақсы және жаман әрекеттері, қоршаған ортаға байланысты сияқты өмірдің әртүрлі аспектілеріне сабақтас ұғымдарды бір «лексемаға» біріктіреді, сонымен қоса көп қырлы және ауқымды мәнге ие екендігін көрсетеді. Яғни әрбір анықталған фразеологизм жапон тілінде мағыналық жағынан әр түрлі екендігін белгілі болды. Олардың аталған түс ерекшеліктеріне сәйкес қазақ фразеологизмдеріндегі ұқсас бірліктерге салыстырылмалы талдау жасалынды. Сонымен қатар, зерттеу нәтижесінде «түс» лексемасын қолданатын фразеологиялық бірліктердің лингвокогнитивтік табиғаты ашылады, олардың тілде пайда болу себептері анықталды. Зерттеу барысында алынған нәтижелерге жүгінсек жапондық түс фразеологизмдерін одан әрі тереңірек зерттеп, әртүрлі семантикалық, құрылымдық, лингвокогнитивтік болсын, этнолингвистикалық, сонымен қоса лингвистикалық және мәдени талдаудың қажеттілігі туындайтынын байқасақ болады. Қазақстандағы жапонтану саласындағы жағдай келетін болсақ жапон тілінің түс фразеологиясына байланысты зерттеулер аз екенін, осы уақытқа шейін қарқын жүргізілмегенін ескерсек, бұл жұмыс ғылыми-тәжірибелік сипатқа ие екені сөзсіз. Жапон тілінің бұған дейінгі фразеологиялық бірліктерін зерттеген ғалымдардың еңбектерімен салыстырғанда, осы зерттеу жұмысының нәтижелерінің

құндылығын келесідей сипаттауға болады: 1. Жапон тілінің түс фразеологизмдерінің қазақ тіліне аударып баламасын беруі; 2. Осы екі тілдегі түс фразеологизмдерінің салыстырмалы талдау жасау барысында, айырмалықтары мен сәйкес жерлерінің анықталуы.

Қорытынды

Фразеологизмдер кем дегенде екі сөздің тіркесуінен жасалады, бірақ олардың құрамы тұрақты. Бүгінгі материалда біз қазақ тілі мен жапон тілінің түске байланысты фразеологизмдеріне тоқталып өттік. Фразеологизмдердің тақырыптық семантикалық қолданыс ерекшеліктеріне тоқталдық ФЕ-ні жалпы мағынасына қарай және ұйытқы болатын сөздерге қарай тақырыптық топтарға жіктейді. Жалпы мағынасына қарай олар бір-біріне синоним болып жұмсалыуымен қатар, мән-мағынасы жағынан бір-біріне қарама қарсы болып қолданылады.

Екі ұлттың тағдыры болсын, басқа болсын фразеологизмдер бірдей арнаға тоғысады. Осы материалды жаза отырып, басқа ұлт тарихымен салыстырғанда қазақ халқының мінезінің қызуқандылығын, шындықты тіке айта алатынын көптеген фразеологизмдерден байқаймыз. Көптеген сөздер адамзат өмірімен, салт-дәстүрімізбен тікелей байланысты туындап отырған. Жоғарыда атап өткендей, қазақ тілінің фразеологизмдері көп қырлы, дүниетанымдық, рухани тіл байлығымыздың молдығына тағы бір дәлел екеніне көз жеткіздік. Заманауи жапон тілі болсын, қазақ тілі болсын фразеологизмдер өзінің құндылығын жоғалтқан жоқ. Әр халықтың өмір сүру дағдыларына байланысты фразеологизмдердің адам өмірінде ерекше орын алып, мәңгі қолданыста бола беретініне көз жеткіздік.

Әдебиеттер

- Weinreich, U. Problems in the Analysis of Idioms: Substance and Structure of Language. University of California Press. Berkeley and Los Angeles, 1969. – 1 p.
- Charteris-Black, J. “Proverbs in Communication.” Journal of Multilingual and Multicultural Development 16 (4). 1995. – 259–68 p.
- Кеңесбаев, І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: ҚазАқпарат, 2007.
- Аханов, К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Санат, 1993.
- Судзуки Т. Нихонго то гайкокуго / японский язык и иностранные языки / пер. с япон. – Токио: «Иванами синсё», 2005. – 48 с.
- Остапченко Г. В. Мыслители Древнего и Средневекового Китая. – М. : ООО «Издательство АСТ» ; – Харьков : «Торсинг», 2003. – 27–28 с.

- Мак-Клейн Дж. Л. Япония. От сегуната токугавы – в XXI век / пер. с англ. Е. А. Красулина. – М.: АСТ: Астрель, 2006. – 23 с.
- Сэй-Сёнагон. Записки у изголовья / Пер. со старояпон. В. Н. Марковой. – М.: «Художественная литература», 1983. – 45 с.
- Энти Ф. Пологий склон / Пер. с яп. Галенкина Е. И. – М.: «Центрполиграф», 1957. – 48 с.
- Долина А. А. Кокинвакасю, 1068. Неизвестный автор / пер. с япон. – М.: ИД «Муравей-Гайд», 2005. – 12 с.
- Глускина А. Е. Манъёсю. Антология. VIII в. Дан 1255 / пер. с япон. – М.: ИД «Муравей-Гайд», 2005. – 48 с.
- Оба Минако. Три краба / Пер. с яп. З. Рахима // Японская новелла 1960-1970. – М.: Прогресс, 1972. – 2 с.
- Львова И. Повесть о доме Тайра. Свиток 11. Глава 9. Гибель малолетнего государя / пер. со старояпон. – М.: Восток – Запад, 2005. – 587 с.
- March Robert M. The Japanese Negotiator. Subtelety and Strategy Beyond Western Logic / пер. с англ. – Tokyo and New York : March Kodansha International, 1990. – 16 с.
- Миронова Л. Н. Цветоведение. – Минск : Вестник, 2005. – 200 с.

References

- U. Weinreich. (1969) Problems in the Analysis of Idioms: Substance and Structure of Language. University of California Press: Berkeley and Los Angeles. 1 p.
- J. Charteris-Black. (1995) "Proverbs in Communication." Journal of Multilingual and Multicultural Development 16 (4). 259–68 p.
- I. Kenesbaev. (2007) Qazaq tilinin frazeologijalyq sozdigi. [Kazakh phraseological dictionary]. Almaty: Qazaqparat.
- K. Ahanov. (1993) Til biliminin negizderi. [Basics of linguistics]. Almaty: Sanat.
- T. Sudzuki. (2005) Nihongo to gajkokugo / japonskij jazyk i inostrannye jazyki / per. s japon. [Nihongo to gaikokugo / Japanese language and foreign languages]. Tokyo: «Ivanami sinsjo». 48 p.
- G. V. Ostapchenko. (2003) Mysliteli Drevnego i Srednevekovogo Kitaja. [The thinkers of ancient and medieval China]. Moscow: ООО «Izdatel'stvo AST»; Kharkov: «Torsing». 27–28 p.
- L. Mak-Klejn Jr. (2006) Japonija. Ot segunata tokugavy – v XXI vek / per. s angl. E. A. Krasulina. [Japan. From Tokugawa Shogunate to the XXI century]. Moscow: AST: Astrel'. 23 p.
- Sjej-Sjonagon. (1983) Zapiski u izgolov'ja / Per. so starojapon. V. N. Markovoj. [The Pillow book]. Moscow: «Hudozhestvennaja literatura». 45 p.
- F. Enchi. (1957) Pologij sklon / Per. s jap. Galenkina E. I. [The Waiting Years]. Moscow: «Centropoligraf». 48 p.
- A. A. Dolina. (2005) Kokinvakasju, 1068. Neizvestnyj avtor / per. s japon. [Kokin wakashu, 1068]. Moscow: ID «Muravej-Gajd». 12 p.
- A. E. Gluskina. (2005) Manjosju. Antologija. VIII v. Dan 1255 / per. s japon. [Man'yōshū. Anthology.]. Moscow: ID «Muravej-Gajd». 48 p.
- O. Minako. (1972) Tri kraba / Per. s jap. Z. Rahima // Japonskaja novella 1960-1970. [Three Crabs]. Moscow: Progress. 2 p.
- I. Lvova. (2005) Povest' o dome Tajra. Svitok 11. Glava 9. Gibel' maloletnego gosudarja / per. so starojapon. [The Tale of the Heike]. Moscow: Vostok – Zapad. 587 p.
- R. M. March. (1990) The Japanese Negotiator. Subtelety and Strategy Beyond Western Logic / per. s angl. Tokyo and New York: March Kodansha International. 16 p.
- L. N. Mironova. (2005) Cvetovedenie. [Color science]. Minsk: Vestnik. 200 p.